

егемен

Казакстан

Қазіргі Қазақстан және “Еуропаға жол”

Қазақстан жағынан оған Парламент палаталарының Төрағалары Қасым-Жомарт Тоқаев пен Орал Мұхамеджанов, Мемлекеттік хатшы Қанат Саудабаев, мемлекеттік органдар мен ұйымдар басшылары, “Нұр Отан” ХДП жетекшілері, сарапшы ғалымдар мен азаматтық қоғамның және ҮЕҰ-лар мен БАҚ-тар өкілдері үлес қосты. Конференция “Еуропаға жол” атты мемлекеттік бағдарламаның мақсаттары мен міндеттерін Еуропа елдері өкілдеріне таныстыру, сонымен қатар, Қазақстанның олармен стратегиялық әріптестік деңгейіне көтерілу жолын және еліміздің 2010 жылы ЕҚЫҰ-ға төрағалық етуге дайындығы барысын көрсету үшін ұйымдастырылды. Қонақтарға тәуелсіз Қазақстанның жетістіктерін айғақтау мақсатымен мәслихат өткен екінші қабаттағы фойеде фотосуреттер көрмесі де жасақталды. Онда ел өмірінің барлық қырларын қамтыған әсем суреттер ілінді.

Конференция жұмысы пленарлық және төрт секцияға бөліну арқылы отырыстар өткізу тәртібімен жүрді. Секциялық талқылаулар “Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың бейбіт және интеграциялық бастамалары”, “Еуропаға жол – Қазақстанның күн тәртібінде”, “Саяси өзгеріс тәжірибесінің қазақстандық үлгісі”, “Қазақстанның дінаралық және этносаралық келісім үлгісі: ЕҚЫҰ-ға тәжірибе” деген тақырыптарда өтті.

Конференция өз жұмысын таңғы сағат 10.00-де пленарлық отырыс өткізуден бастады. Оны Қазақстан Парламенті Мәжілісінің Төрағасы Орал Мұхамеджанов ашып, Президент Н.Назарбаевтың конференцияға қатысушыларды құттықтаған сөзін оқу үшін мінберді Мемлекеттік хатшы Қанат Саудабаевқа ұсынды.

Елбасы құттықтауында былай делінген:

Құрметті қонақтар мен қатысушылар, сіздерді Қазақстанның жас астанасында өтіп отырған жоғары форумға қатысуларыңызбен құттықтаймын. Тәуелсіздік алған алғашқы күннен бастап біз нарықтық экономикалы демократиялық мемлекет құру таңдауын жасадық. Қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық реформаларды кезегімен жүргізе отырып, Қазақстан Еуроодақ елдерімен екіжақты тиімді ынтымақтастықтарды белсенді түрде дамытып келеді. Болашақта нақ еуропалық интеграцияланудың пайдасы үшін біз ЕҚЫҰ-ға төрағалық етуге өз кандидатурамызды ұсынған едік. Біздің 2010 жылға ЕҚЫҰ төрағалығына сайлануымыз – Тәуелсіз Қазақстанның табыстарын мойындау ғана емес, құрлықтағы бейбітшілік пен қауіпсіздікті нығайту жолындағы

үлкен жауапкершілікті сезіну болып табылады, делініпті құттықтауда.

Одан әрі Елбасының құттықтау сөзінде бүгінгі әлемдік дағдарыс кезінде қауіпсіздік, үнқатысу және өзара түсіністікті нығайту үшін Шығыс пен Батыс арасына жаңаша көзқарас керек екені айтылыпты. Сонымен қатар, ЕҚЫҰ-ның гуманитарлық, экономика-экологиялық және әскери-саяси сияқты негізгі үш өлшемдерін тең дәрежеде ұстау қажеттігі аталған. Президент “Еуропаға жол” бағдарламасын Қазақстанның ұйымға төрағалық ету кезінде аталған басымдықтарды басшылыққа алған “Жол картасы” екенін жеткізген. Оны іске асыру – демократиялық реформаларды одан әрі жүргізуге және халықтың тұрмысын одан әрі көтере түсуге, сондай-ақ инвестициялар мен жоғары технологияларды енгізуге, ұлттық заңнамаларымызды және мемлекеттік басқару тетіктерін еуропалық контекске сәйкес жетілдіру жолында еуропалық елдермен өзара іс-қимылды тереңдетуге мүмкіншілік береді, дей келіп, Мемлекет басшысы құттықтауының соңында конференция ЕҚЫҰ-ның барлық қатысушы елдері арасындағы ынтымақтастық, үнқатысу мен өзара түсіністікке лайықты үлес қосар деген үмітте екенін жеткізіпті.

Президенттің құттықтауын оқыған соң Қанат Саудабаев Қазақстанның бүгінгі ахуалы туралы өз ойларын да білдіріп өтті. Біз бүгін дағдылы өркениетті қоғамдастықтар, тарихи-мәдени және геосаяси ареалдар арасындағы дәстүрлі шектер жойылуға бет алған жаһандану дәуірінде өмір сүріп жатырмыз. Өркениеттер, діндер, сауда жолдары мен империялар күресінің тоғысында тарихи орналасқан Қазақстан басқа елдерге қарағанда ғасырлар бойы түрлі бағыттағы ықпал арналарының саналуандығын өз басынан кешірді. Екі өркениеттің сипаттарын тоғыстырған және географиялық тұрғыда екі континентте орналасқан бүгінгі Қазақстанды шартты түрде Азиядағы Еуропа және Еуропадағы Азия деп атауға болады деп ойлаймын. Сондықтан да біз еуропалық және азиялық құндылықтар бір-бірін табиғи байытып жатқан қоғамды білдіреміз.

Бұдан кейін Мемлекеттік хатшы өзіміздің нақтылығымызды ескеріп, дәстүрлерімізді құрметтей отырып, біз “қазақстандық жолмен” демократияға, өркендеу мен әлемдегі лайықты орынға дәйектілікпен ілгерілеп келе жатқанымызға тоқталды.

“Еуропаға кірігу – бұл еліміздің Тұңғыш Президентінің саналы таңдауы да, тәуелсіз Қазақстанның даму императиві де”, деді Қанат Саудабаев.

Біздің еліміз “Еуропаға жолмен” ілгерілей отырып, қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық дамуда, этносаралық

келісім мен конфессияаралық толеранттылықты нығайтуда маңызды нәтижелерге қол жеткізді. Өткен жылдарда қазақстандықтардың дүниетанымында іргелі өзгерістер болды. Кеңестік өткенімізге тән масылдық пиғыл келмеске кетті. Бүгінде барша қазақстандықтар өздерінің өмірдегі табыстары тек өздеріне ғана байланысты екендігін біледі және әркім өз болашағын өзі қалыптастыруда. Біз шын мәнінде еркін елдің еркін азаматтарына айналдық.

Бұдан әрі Қ.Саудабаев біздің еліміздің 2010 жылы ЕҚЫҰ-ға төрағалыққа сайлануы қол жеткізген табыстарымызға, көп ретте Қазақстанның әлеуетіне берілген жоғары баға және әділ мойындау екенін айтып өтті. Бұл міндеттің елімізге жүктейтін жауапкершілігін айқын түсіне отырып, оны атқаруға әзір екеніміз айтылды. Мемлекеттік хатшы ЕҚЫҰ-ға төрағалық кезінде Еуропа жұртының назары қандай мәселелерге аударылатынына тоқталды. Қазақстанның Еуропа елдерінен үйренетіні көп екендігімен қатар Қазақстанның да этномәдени саналуандық пен конфессияаралық төзімділікті қолдау тәжірибесі Еуропа тарапынан қызығушылық туғызатыны сөзсіз. Сонымен бірге Қазақстан саналуан проблемаларды ашық талқылаудың қолайлы халықаралық алаңы ретінде, өркениеттер мен мәдениеттер арасындағы көпір ретінде қабылданатын болса, еліміз осынау оң тәжірибені 2010 жылғы ЕҚЫҰ-ға және 2011 жылғы Ислам Конференциясы Ұйымына төрағалығы кезінде толығынан пайдаланатын болады. Сол арқылы толеранттылықты нығайту және нәсілшілдіктің барлық формаларын жою мәселесін осы ұйымдардың күн тәртібіндегі басым мәселелер қатарына шығаратын болады. Сондай-ақ еліміздің жаппай қырып-жою қаруларын таратпау және ядролық қарусызданудағы жетістіктерін осы заманғы проблемаларды шешу ісінде пайдаланатындығы және еуропалықтардың назарын Орталық Азиядағы қоршаған ортаны қорғау мәселелеріне аударатындығы атап айтылды. “Еуропаға жол” бағдарламасы Қазақстан-Еуропа ынтымақтастығының локомотивіне айналып, Қазақстанның Еуропа елдерімен қарым-қатынасында сапалық секірісті қамтамасыз етуі тиіс.

Мемлекеттік хатшы Қазақстан мен Еуропа елдерінің экономика саласындағы әлдеқайда берік ынтымақтастығы қажет екендігін айта келіп, бұл байланысты дамыту жолдарына тоқталды. Энергетика, мұнай мен газ және атом энергетикасы салаларындағы дәстүрлі байланыстармен қатар қазіргі кезде көлік және телекоммуникация, инновациялық технологиялар, медицина мен экология, ғылым мен білім беру салаларындағы ынтымақтастық та перспективалы саналады.

Мемлекеттік хатшы елімізді одан әрі демократияландыру,

қоғамдық-саяси өмірді еуропалық стандарттарға жақындату саласында дәйекті ілгерілеушіліктің бар екенін атап көрсетті. Бұл тұрғыда атқарылып жатқан шаралар жан-жақты айтылды. Сөзінің қорытындысында Қанат Саудабаев біздің Еуропаға бет-алысымыз Еуропа тарапынан да қолдау тауып отырғанына қуанышты екенін жеткізді. Мұның дәлелі ретінде 2007 жылы қабылданған Еуропа Одағының Орталық Азия бойынша стратегиясын атап өтті, онда Қазақстанмен ынтымақтастыққа айрықша маңызды рөл берілген.

Алғашқы сөз палата спикері Орал Мұхамеджановқа берілді. Біз сіздерді Тәуелсіз Қазақстанның бой түзеп келе жатқан жаңа елордасы – Астана қаласында қарсы алуға қуаныштымыз, деп бастады өзінің сөзін Орал Байғонысұлы. Одан әрі ол қонақтарға шақыруды қабыл алып, конференцияға қатысқандары үшін алғыс айтты.

Конференцияның: “Қазіргі Қазақстан және “Еуропаға жол” деген тақырыбы еліміздің еуропалық қауымдастықпен өзара қарым-қатынасын дамытуға деген ұмтылысы мен жаңа әлеуметтік-экономикалық және саяси бағыттарын көрсетеді, деді ол. Оның нәтижелерінің өмірге енуінің маңызды екенін айтумен бірге, біз Қазақстан мен Еуропаның бір-біріне қарай қадам басқанының неғұрлым ауқымды өрекеніеттілік-мәдени танымдық қырларын қамтитын мәселелерге де бірлесіп жауап іздейтін боламыз. Соның ішінде Қазақстанның Еуропаға бет бұруы біздің санамызда еуроцентризмнің үстемдік құрғанының дәлелі ме, Қазақстан Еуропаның кезекті бір шеткергі аймағы бола ма, әлде оған тиісті ықпал ете алатын еуразиялық центризмнің мүлде өзгеше тұрпаты бола ма? Тұжырымдық, дүниетанымдық сипаттағы мұндай мәселелер жалпы және секциялық отырыстар шеңберінде де, конференцияға қатысушылар арасындағы бейресми кездесулер барысында да талқыға түсетіні сөзсіз, дей келе осы мәселелерге байланысты өзінің кейбір ойларын ортаға салды.

Еуропа тарихи тұрғыдан алғанда ғасырлар бойы өзін адамзат өркениетінің үстем орталығы ретінде бейімдеп келді. Алайда отаршылдықтан кейінгі дәуірдің басталуымен қазіргі заманғы әлемде ғылым мен техниканың айқын жетістіктері түрінде еуроцентризмді адамзат тыныс-тіршілігінің барлық салаларына өз ықпалын тигізетін тиімді құндылықтар мен бағдарлар жүйесі ретінде қабылдау орын алды. Қазақстан сыртқы саясатының еуропалық бағытын нақ осы нышандық тұрғыда қабылдаған жөн. Біз үшін Еуропа – еліміз қалайда қосылуға тиіс болатын немесе жеке адам тұрғысынан алғанда, түбінде тұрақты мекендеуге баратын аумақ емес. Еуропа Қазақстан үшін орталық пен шет аймақтар арасындағы шекаралар сезілмейтін,

бейне бір халықтан халыққа, елден елге жалғасып отыратын уақыттың ұтымды рухын бейнелейді. Сондықтан еліміздің бұл тұрғыдағы іс-қимылын оның осы әлемдік додаға қатысуға, адамзаттың ұтымды рухын танытуға ұмтылысы ретінде түсінген жөн.

Неліктен Қазақстан бұған даярмын деп отыр? Еуропа қоғамдас-тығымен өзара тиімді байланыс орнату үшін қазіргі заманғы Қазақстан өзінің табиғи байлықтарымен бірге, қандай әлеуетке ие дей келіп, спикер осы сұрақтарға өзі жауап беруге тырысты. Біріншіден, деді ол осы ретте, Қазақстанның Президент Нұрсұлтан Назарбаев секілді өте күшті ерік-жігерге ие көшбасшысы бар. Екіншіден, Тәуелсіздік жылдарында Қазақстан өзін жаңғырту үшін осы ерік-жігерін айрықша экономикалық, әлеуметтік, саяси және гуманитарлық жобаларда іске асырды. Үшіншіден, Қазақстан – пассионарлығы ежелгі дүниеден бері жаһандық әлемнің құрылуына керемет ықпал еткен көп ғасырлық көшпелі мәдениеттің ізбасары.

Одан әрі шешен өзіне қазіргі Қазақстан Еуропа үшін маңызды қандай нәтижелерге қол жеткізді деп сұрақ беріп алып, алдымен этносаралық келісімге тоқталып, осы қатарда 1995 жылы құрылған Қазақстан халқы Ассамблеясының маңызы туралы айтты. Бұл Қазақстан Президентінің бастамасымен құрылған айрықша институт біздің ел аумағында тұратын барлық этностық топтардың мүдделерін көздейтін қоғамдық ұйымдарды біріктіреді 2007 жылғы конституциялық реформа нәтижесінде оның мәртебесі көтеріліп, Мәжіліске 9 депутат сайлауға қол жеткізілді. Нақ осы толеранттылық тәжірибе Қазақстанның әлемдік қауымдастыққа шығып, Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезін өткізу туралы бастама көтеруіне мүмкіншілік берді. Биыл съезд елімізде үшінші рет өткелі отыр.

Экстремизм мен терроризмнің туу тарихы туралы айтқанда, шешен олардың пайда болу алғышарттарын саралап, Қазақстанның осы бағыттағы кейбір жұмыстарын атап өтті. Одан әрі еліміздің экономикалық жетістіктеріне тереңнен тоқталған Орал Байғонысұлы он жылдың ішінде Қазақстандағы жан басына шаққандағы ІЖӨ 1 мың доллардан 8400 долларға дейін артқанын жеткізді. Осы он жылда еліміздің сыртқы тауар айналымы 80 млрд. доллардан асып түсті, денсаулық сақтау мен білім беруді қаржыландыру 8,5 есе артты. Қазір еліміздегі мектептердің 98 пайызы Интернет желісіне қосылды. Елбасының бастамасымен елорданың Алматыдан Астанаға көшірілуі отандық экономиканы іс жүзінде экономикалық және технологиялық серпінді даму жолына жұмылдырды. Одан әрі шешен еліміздің сыртқы саясаттағы бастамаларын

айтып, ТМД, ШЫҰ, ҰҚШҰ және ЕурАзЭҚ шеңберіндегі жемісті жұмыстарды атап өтті. ЕҚЫҰ мен Ислам Конференциясы Ұйымына төрағалық етуге сайлануымыз да бір жағынан осы аймақтық ұйымдардағы белсенді істеріміздің нәтижесі. Қазіргі әлемдік дағдарыс туралы айтқанда оған Президент Н.Назарбаевтың берген бағасының маңыздылығын айта келіп, қазір Жер шарының түкпір-түкпірінен оның әлемдік жаңа валюта енгізу туралы бастамасын қолдаған үндер естиміз, деді.

О.Мұхамеджанов одан әрі “Еуропаға жол” бағдарламасының маңыздылығына тоқталды. Бұл Қазақстанның ғылыми-техникалық прогреске, технологиялық және институттық жетілдірілуге, идеялар және құндылықтармен өзара тиімді баюға ұмтылған заңды және әбден екшеленген жолы. Сонымен қатар, біз өзара қатынастарымызды одан әрі жандандыра түсу жолында, Қазақстанның Еуропаның жетекші елдерімен саяси, экономикалық және гуманитарлық салаларда стратегиялық әріптестік деңгейіне көтерілу жолында ашылмаған әлеуеттерге де тап болып отырмыз. Осыны еңсеру үшін біз, біріншіден, Еуропа елдерімен технология, энергетика, көлік, техникалық реттеу мен метрология, шағын және орта бизнес, қоршаған орта мен су ресурстарын қорғау, климаттық өзгерістердің алдын алу салаларындағы ынтымақтастықтарды дамыта және тереңдете түсуіміз керек. Біздің, әсіресе, өмір сапасы мен медициналық қызмет көрсетуде еуропалық стандартқа жетуіміз өте маңызды. Екінші міндет – еуропалық оң тәжірибелерді қолдана отырып, еліміздің институттық-құқықтық базасын жетілдіру. Үшінші міндет – Қазақстанның 2010 жылы ЕҚЫҰ-ға төрағалық етуіне дайындықты қарастырады. Оның шеңберінде біздің ел гуманитарлық, экономика-экологиялық және әскери-саяси сияқты үш бағытта белсенді жұмыс істейтін болады.

Сөзінің соңында спикер “Еуропаға жол” бағдарламасы біздің елге өмірдің еуропалық стандарттарына жету, саяси және әлеуметтік институттарды дамыту, адамның құқы мен бостандығын шектемеу, заңның үстемдік етуі мен азаматтық қоғамды ілгері жылжыту бағыттарында үлкен жауапкершілік жүктейтінін көлденең тартты. Осы жолда біз Еуропа Одағы мен еуропалық қауымдастық бізге және жалпы Орталық Азияға ашық көңіл танытатынына үміттіміз. Өйткені, бұл екі жақ үшін де пайдалы жоба екені даусыз, деді.

“Қазақстан Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына қатысушы бола отырып, Орталық Азиядағы басқа мемлекеттермен қатар, Көне құрлықтың саяси бедерін шын мәнінде өзгертті”. Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияда сөз алған Парламент Сенатының Төрағасы,

ЕҚЫҰ Парламенттік Ассамблеясы төрағасының орынбасары Қасым-Жомарт Тоқаев осылай дей келіп, Қазақстан еуропалық өркениетке тән саяси, құқықтық, философиялық, моральдық құндылықтарды біртіндеп қабылдауға бағдарланған өз стратегиясын жүзеге асыру мақсатында “Еуропаға жол” мемлекеттік бағдарламасын қабылдағанын жеткізді.

Осылайша бұл бағдарлама біздің еуропалық құндылықтарға қарай қозғалуымызды көрсетеді. Осы жол жалпыға ортақ қауіпсіздік пен экономикалық өркенділікке жеткізетін “Азия-Еуропа” өркениет арнасының бір бөлігі болып табылады. Мұның өзі қазақ мемлекетінің жаратылысына негізделген табиғи таңдау, оған тұрақтылық, төзімділік және келісім негізінде прогреске ұмтылушылық тән. Қасым-Жомарт Кемелұлы Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға төрағалығы еуропалық қоғамдастыққа ең алдымен Орталық Азияға тән проблемаларды шешуге жіті назар аудару мүмкіндігін беретінін айтып өтті.

“Еуропаға жол” бағдарламасының ерекшеліктеріне тоқтала келіп Төраға оның батыл сипатын және ынтымақтастықтың ең маңызды міндеттерін шешуді мақсат ететінін айтты. Олар – сауда-экономикалық ынтымақтастықты дамыту, көлік-коммуникациялық байланыс салаларында өзара тиімді жобаларды жүзеге асыру. Еуропалық тәжірибені ескере отырып Қазақстанның құқықтық жүйесі мен қоғамдық-саяси институттарды жетілдіру мен одан әрі дамыту ниеті бағдарламаның маңызды бөлігі болып табылады. Мемлекеттік қызмет реформасына және билік құрылымдарындағы сыбайлас жемқорлықпен күреске баса назар аударылып отыр. Қазақстан үшін білім берудің сапасын арттыру, шағын және орта бизнесті дамытуға Еуроодақтың жәрдемдесуі маңызды.

Қ.Тоқаевтың айтуынша, экономикалық ынтымақтастықтан басқа күн тәртібінде – жаһандандудың жаңа жағдайында Еуропа құрлығында қауіпсіздікті қамтамасыз етудің және көпкіндікті дүниені орнықтырудың жаңа теңдеуін бірлесе іздеу міндеті тұр. Мұнда Қазақстанның бастамасы бойынша және тікелей қатысуымен тұрғызылған сыртқы саяси “тіреулердің” елеулі рөлі бар. Ол Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңес, Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съездері, мұсылман әлемі мен Батыс арасындағы үнқатысу. Ядролық қаруды және тиісінше технологияларды таратпау жөніндегі Қазақстанның жетекші рөлі ерекше есепте тұрады.

ЕҚЫҰ-ға 2010 жылы төрағалық ету қарсаңында Қ.Тоқаев Қазақстан алдағы төрағалықты осы ұйымға қатысушы елдердің қауіпсіздікті қамтамасыз ету, экономикалық ынтымақтастық, гуманитарлық байланыстарды дамыту мен демократиялық құндылықтарды нығайтудың кең ауқымды мәселелеріндегі

өзара іс-қимылға “жаңа тыныс” берудің жаңа мүмкіндігі ретінде қарастыратынын атап өтті.

Сенат Төрағасы өз сөзінде Еуроодақ пен Орталық Азияның, соның ішінде Қазақстанның сауда және инвестициялық әріптестігіне кеңінен тоқталды. Мәселен, 2008 жылы ЕО мен ҚР арасындағы сауда айналымы 39 млрд. доллардан асып, елдің бүкіл сыртқы саудасының 40 пайыздайын құрапты. Сонымен бірге, Еуроодақ елдері біздің экономикамызға 40 млрд. доллар шамасында тікелей инвестиция салған екен, мұның өзі тікелей шетелдік инвестициялардың жартысынан астамын құрайды. Сондай-ақ сарапшылық бағалаулар бойынша Қазақстанның Еуроодақ экономикасына инвестициялары 18 млрд. долларға жуықтапты.

Жалпы еуропалық ынтымақтастықты ілгерілетудің маңыздылығын атап өте келіп, Қ.Тоқаев: “Қазақстанның Еуропаға жолы – теңдесі жоқ, әлемдік дипломатия тарихында бұрын-соңды болмаған бағдарлама. Әңгіме ірі еуразиялық мемлекеттің жалпы еуропалық өркениет кеңістігіне бірте-бірте кіруі туралы болып отыр. Бұл стратегиялық бағыт Қазақстанның ұзақ мерзімдік ұлттық мүдделеріне толық сәйкес келеді”, – деді.

Осыдан кейін сөз Еуропа Кеңесі Парламенттік Ассамблеясының вице-президенті, оның халықаралық қатынастар жөніндегі бейінді комитетінің төрағасы, Бельгия Сенатының депутаты, “Қазақстан-Бельгия” парламентаралық достық тобының мүшесі Пол Виллеге берді. Ол өзінің сөзін әлемдік экономикалық дағдарыстың барысын баяндаудан бастады. Осы қатарда Еуропа елдері үкіметтерінің оның алдын алу мен реттеу барысында шеберлік таныта алмағандарын қатты сынап өтті. Біз бүгін Еуропада дағдарысқа қарсы күрестің айқын стратегиясын көрмей отырмыз. Қаражатты да нақты қайда құю керек екенін анықтай алмадық. Қалпына келтіру ісінде өз экономикаларына 600 және 450 млрд. еуро құйған АҚШ пен Қытайдан біз анағұрлым артта қалып, осынау маңызды іске бар-жоғы 170 млрд. еуро ғана жұмсай алдық, деді ол мәселеге орай. Одан әрі дағдарысты еңсеру жолындағы өзінің ойларын және Еуропадағы “Жасыл экономика бастамасы” атты сараптың дұрыстығын айтып өтті. Бұл құжат әлемдік экономиканы қалпына келтіру, миллиондаған жаңа жұмыс орнын ашу әлеуетіне ие. Соның ішінде қайтарымды энергия көздері секторында соңғы жылдары ғана 2,3 млн. адам жұмыс орнын тапты. Осы сала Қазақстанға да пайдалы.

Сөзінің соңында ол жақын арада инвестициялардың ғаламдық экономикаға қайта салына бастайтынын сөз етті. Тек мәселе, оның бұрынғы қысқа мерзімді немесе жасыл экономикаға

құйылатындығында ғана. Міне, нақ осы тұста Қазақстан мен ЕО мүдделері бір жерден шығып, ынтымақтастық айдыны артуға тиіс, деді ол.

Келесі сөз ТМД ПАА Кеңесінің Бас хатшысы, ресейлік Михаил Кротовқа берілді. ТМД-ның кейбір елдерінде “Еуропаға жолды” дұрыс түсінбей, оны Еуроодаққа мүшелікке өту деп ұғады. Сөйтіп, бұл ЕурАзЭҚ-тың әлеуетін әлсіретеді дейді. Бірақ Қазақстан Президенті Н.Назарбаевтың айтқанындай, ТМД елдері үшін еуразиялық интеграцияның баламасы жоқ. Біздің түсінігімізде “Еуропаға жол” – жалпыеуропалық құндылықтарды қабылдау және оны өз жағдайларымызға бейімдеп, дамыту. Ол құндылықтар – құқықтық мемлекет, биліктердің шектелуі, адам құқы мен бостандығының сақталуы, тиімді нарықтық экономика, азаматтық қоғамның дамуы және Еуразиялық Одақтың Еуроодақпен жан-жақты ынтымақтастығы. Сондықтан не Еуроодақ, не ТМД деген дилемманың дұрыс еместігін көреміз. ТМД елдерінің Еуроодақпен тығыз ынтымақтастығы ТМД-дағы өзара байланыстардың нығаюы арқылы жүруі – ең жеңіл жол, деді шешен.

Одан әрі М.Кротов ТМД аумағындағы елдердің әлемдік дағдарыс кезіндегі ынтымақтастығы, өзі қызмет істейтін ПАА-ның қабылдаған заңдарының тиімділігі туралы айтты. Еуроодақтың жаңа мүшелерінің атына қатты сындар айтып, өздерінің әлеуметтік-экономикалық дамуы жөнінен олардың көрсеткіштері Қазақстан мен Ресейден төмен екенін көлденең тартты. Қазақстанның “Еуропаға жолы” Еуроодаққа ену деген сөз емес, бірақ жалпыеуропалық саяси институттардың жұмысына белсене қатысу деген сөз. Бұл ең алдымен Қазақстанның 2010 жылы ЕҚЫҰ-ға төрағалық етуінен көрінеді, деді ол. Келесі кезекте шешен ЕҚЫҰ-ның демократиялық үдерістердің дамуына, соның ішінде сайлаудың дұрыс өтуіне бақылау жасау тәртібін сынады. Олардың демократиялық сайлау стандарттары өте жалпылама алынған. 1990 жылғы Копенгаген Хаттамасында сайлаулар еркін және әділетті болсын делінген, бірақ бұл түсініктердің мәні ашылмаған. Соның нәтижесінде ЕҚЫҰ-ның, атап айтқанда, ДИАҚБ-ның байқаушылары біздегі сайлауларды әділ бағаламайды. Ал ТМД мемлекеттері басшыларының 2002 жылы Кишиневте қол қойған “ТМД елдеріндегі демократиялық сайлаулар стандарттары, сайлау құқы мен бостандығы туралы” конвенция Еуроодақтың стандарттарынан әлдеқайда артық. Еуропа Кеңесінде төраға болғанда Ресей оны осы ұйымның мүше елдеріне де қабылдауды ұсынған, бірақ олар бас тартты, дей келіп, қазақстандық байқаушылардың ТМД-дағы сайлау

үдерістері кезіндегі жемісті жұмыстарын атап өтті. Бұдан соң сөз кезегі Литва Республикасы Сеймі төрағасының орынбасары Альгис Кашетаға берілді. Ол өз сөзінде Қазақстан мен Литва арасындағы қарым-қатынастың жақсара түскеніне қуанышын білдірді. Қазақстан Литваның Орталық Азиядағы стратегиялық әріптесі. Литва Қазақстан мен ЕО арасындағы үнқатысудың дами түскеніне мүдделі және осы істе оның еуропалық бастамаларын жақтауға әзір екенін айтты. Одан әрі шешен Еуропалық одақтың артықшылықтарына тоқталды. Бұл Одақ – ең алдымен құндылықтар одағы. Ал континенттегі бейбітшілікті сақтау бұл ұйымның ең маңызды міндеті. Еуропалық бірлестік халықтар арасында бейбітшілік, ынтымақтастық және бірлік қана болуы керек деген сеніммен нығайған. Мен Қазақстан халқына бұл идея жат емес екеніне сенімдімін, деді ол.

Өз сөзінде Француз Республикасы Ұлттық Ассамблеясының депутаты Мишель Вуазен біз 130 ұлт пен 40 конфессия бейбіт қатар өмір сүріп, күшті мемлекет болып, топтасып отырған Қазақстанның үлгісі туралы Ұлттық Ассамблеямызда талай рет айттық. Мен Қазақстанға қатысты өзімді аса таңдандырған екі-ақ мәселе туралы айтқым келеді. Біріншісі – 2001 жылы негізгі халқы мұсылман бола тұрып, Рим Папасы Иоанн Павел II-ні қабылдауы. Екіншісі – саны аз этностарға да құрмет көрсетіп, Ассамблея арқылы олардың да өкілін заң шығару ісіне тартуы. Осындай айрықша саясатының арқасында Қазақстан ұлттық бірлікке қол жеткізіп отыр. Шешен сондай-ақ Француз Республикасындағы осы мәселелердегі ерекшеліктер туралы айтты. Сөзінің соңында ол: Міне, осындай дұрыс бағытпен Қазақстан ЕҚЫҰ-ға төрағалыққа және өзінің “Еуропаға жол” бағдарламасын іске асыруға келе жатыр, деді.

Сөз алған Түркияның Ұлы Ұлттық Жиналысының депутаты, “Түркия-Қазақстан” ынтымақтастық тобының төрағасы Мехмет Чичек өзінің сөзінде былай деді: “Қазақ” аты азат, тәуелсіз, қаһарман және өжет мағыналарын білдіреді. 1991 жылы тәуелсіздігін алған Қазақстан атына заты сәйкес жүргізіп отырған салмақты және батыл саясатымен барлық салада үлкен ұмтылыстар жасады. Біз оның қадамдарын мақтанышпен қадағалап отырмыз. Одан әрі ол Қазақстанның халықаралық және экономикалық саясаттағы жетістіктерін санамалап берді. Қазақстанның Еуропаға жолы күмәнсіз Түркия арқылы өтеді, деді ол. Қазақстанның 2010 жылы ЕҚЫҰ-ға төрағалыққа сайлануында біздің елдеріміздің бір-біріне жасаған қолдауының маңызы зор. Қазақстан Президентінің Түркияны 2010-2012 жылдары АӨСШК-ге төрағалық етуге ұсынғанына біз де разымыз.

Осыдан кейін конференцияда Австрия өкілі Карл Ольенгер және Грекия Парламентінің депутаты Вирон Полидорас сөйлеп, Қазақстанның “Еуропаға жол” бағдарламасының позитивті жақтарын тілге тиек етті.

Одан әрі конференция жұмысы жоғарыда айтқан секцияларда жалғасты. Оның соңынан барлық жұмыс қорытындыланып, “Еуропаға жол” бағдарламасының мақсаты Қазақстан Республикасын Еуропаның жетекші елдерімен стратегиялық әріптестік деңгейіне шығару екендігі бірауыздан құпталды. Осылайша конференция өз жұмысын аяқтады. Оған келген меймандардың бір тобы арнайы ұйымдастырылған баспасөз мәслихатына қатысып, журналистердің сұрақтарына жауап берді.

Бүгін қонақтар Қазақстан астанасының көрікті жерлерімен танысады.

Авторы: Жақсыбай Самрат.